

# ҰЙЫМ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК; ҰЙЫМ МЕН ОРТА АРАСЫНДА БАЙЛАНЫС ЖАСАУ

*Орындаған:* Бисенова Ү.М (Есеп және аудит 211-топ)

*Тексерген:* доцент Толебаева.Б.Т



- **Ұйым-** белгілі бір ниеттер мен мақсаттарды орындау үшін құрылған биліктік қатынастар мен еңбек бөлінісімен қабылданатын ұжым түрі.
- **Ұйым деп-** алға қойған мақсаттарға жету үшін адамдар тобының бірлесіп еңбек етуі.



Менеджмент әлемінің негізін ұйым құрайды. Ол менеджменттің негізгі құраушы себепшісі болып табылады.

Топтар ұйым болып саналуы үшін міндетті талаптарға сай болуы қажет:

- Өзін осы ұйым мүшесі санайтын кем дегенде екі адам болуы керек;
- Осы топтың мүшелері бірігіп қабылдайтын белгілі бір мақсаттарға бағытталу керек;
- Ұйымның барлық мүшелері ортақ мақсатқа жетуге бірігіп еңбек ету;

Мақсат пен нәтиже болмаса жетістікке жету мүмкін емес.



Яғни, ұйым өзінің жұмыс жоспарын дайындау алдында негізгі мақсатын анықтап, оны ұйымның мүшелеріне таныстырады, ұйым мүшелері өз жұмысының нәтижесі не екенін, қандай болатынын білу арқылы соған жетуге талпынып, еңбектенеді. Әртүрлі ұйымның мақсаттары, әрине, өзінің таңдап алған бағытына байланысты әртүрлі болады (түрлі өнімдер өндіру, қызмет көрсету, білім беру т.с.с.). Сонымен бірге ұйымның бөлімдерінің де өз алдына түрлі мақсаттары болады және олар ұйымның негізгі мақсатына жетуге бағытталады. Ұйымның құрылымы көздеген мақсатқа жету жолына орай алдын-ала зерттеу, ойластыру арқылы құрылады.

Қандай ұйым, кәсіпорын болмасын «өмір сүріп», өзінің мақсатына жету үшін менеджер ең бірінші ішкі ортаның элементтері мен сыртқы ортаның әрекеттеріне көңіл аударуы тиіс.



*Ішкі ортамен байланыста* орындалатын міндеттері болады және ол белгілі бір уақытта, белгілі бір әдіспен орындалуы тиіс.

Міндеттердің үш түрі:

а) адамдармен жұмыс істеу;

ә) заттармен жұмыс істеу (техника, құрал-жабдық, шикізат т.б.);

б) мәліметпен жұмыс істеу;

Әр қызметкер өзіне жүктелген міндеттеріне сай адамдармен, мәліметпен, заттармен жұмыс атқаруы арқылы бөлімнің, ұйымның мақсаттарын орындайды.


Ұйым мүшелері өз міндетін атқару үшін сол орындалатын жұмыстың технологиясын білуі тиіс. Қызметкерлер де, жұмысшылар да өз міндеттерінің орындалу технологиясын жоғары дәрежеде меңгеруі қажет.

Технологияның ең тиімді түрін таңдау орындалатын жұмыс процесіне және адамдарға байланысты. Ұйымдардағы барлық жұмыс адамдардың қатысуы арқылы ғана жүзеге асады. Сондықтан ұйымның ішкі ортасының ең басты элементінің бірі – *адамдар*.

*Ұйымның сыртқы ортамен байланысы бұлар-* тұтынушылар, қоғамның көзқарасы, технология, т.б жатады. Сыртқы ортада болған өзгерістер ұйымның ішкі ортасына да әсерін тигізіп өзгертеді.

Менеджер сыртқы ортаның ұйымға қалай әсер ететінін қадағалап, әртүрлі өзгерістерге бейімделіп отыруы тиіс. Сыртқы орта ұйымға *тікелей* (кәсіподақ, жеткізушілер, тұтынушылар, бәсекелестер) және *жанама* (инфляция, сыртқы саяси және әлеуметтік-этикалық орта) әсер етеді.

## Ұйымның түрлері



### Ресми ұйымдар

Ұйымның мақсатына жету үшін басшылықтың еркімен құрылған адамдар тобы.

### Бейресми ұйымдар

Ресми ұйымның ішінен құрылған ұйым. Оларда жетекші болмасада, олар өте қажет.

Бейресми ұйымдар сипаттамасы:  
элементтік бақылау;  
өзгерістерге қарсы шығу.



## *Адам мен ұйым ара-қатынастарының рөлдік көзқарасы.*

*Адам мен ұйымдық ортаның арасында байланысты* кездесетін әр қиындықтар мен мәселелердің пайда болып жатады. Адам мен ұйымдық орта арасында болатын түсінбестік, қарама-қарсы тұрушылық пен жанжалдың болатын көптеген себептері болады:

- 1. Жекеше тұлғаның ұйымдық орта мен оның сондағы алатын орны туралы түсінігі мен одан не күтетіндігі;
- 2. Ұйымның жекеше тұлғадан не күтетіндігі, оның атқаратын рөлі мен алатын орны.

Егер де ұйым мүшесі өз рөлін ойдағыдай орындап жүрсе және де өз жұмысының мазмұны мен нәтижесіне және ұйымдық ортамен ара-қатынастары барысына қанағаттанатын болса, онда адам мен ұйым арасында дау-жанжалдық қайшылық болмайды.



The image features four stylized hands in different colors (red, orange, blue, and teal) reaching towards the center. The text is overlaid on the hands.

**НАЗАР  
АУДАРҒАНЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!**